

Райымбек ауданы бойынша жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Райымбек аудандық мәслихатының 2016 жылғы 20 шілдедегі № 6-40 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2016 жылы 25 тамызда № 3938 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Райымбек аудандық мәслихатының 2018 жылғы 24 сәуірдегі № 37-178 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Райымбек аудандық мәслихатының 24.04.2018 № 37-178 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 387-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Райымбек аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жүргізілетін жерді аймаққа бөлу жобалары (схемалары) негізінде, Райымбек ауданы бойынша жер салығының мөлшерлемелері "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 379, 381 және 383-баптарында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелерінен **50 пайызға жоғарылатылсын.**

2. "Райымбек аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысы Саретбаев Ғабит Болатұлына осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және аудандық мәслихаттың интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың "Өнеркіәсіп, құрылыс, байланыс, транспорт, коммуникация, энергетика, отын ресурстары және ауылшаруашылығы, жер қатынастарын реттеу, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жөніндегі" тұрақты комиссиясына **жүктелсін.**

4. Осы шешім 2017 жылдың 01 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК